

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПӘНДЕР
КАФЕДРАСЫ



«6М020600 - ДІНТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 158 бұйрығымен бекітілген «6М020600 Дінтану» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырғандар: Т.Ғ.К., доцент

Султанова Ф.М.

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № 10 хаттама, «22» мамыр 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:
ф.ғ.д., профессор

Әбсаттаров Р.Б.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Тарих және құқық институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № 10 хаттама, «25» мамыр 2018 ж.

Мамандыққа кіріспе

Бағдарлама дінтану бойынша магистратурасына түсу үшін емтиханға дайындалуға арналған және ол дінтану ғылымы негіздерінің бакалавриат бағдарламасы көлемінде дінтану курсымен ізденушілерге таныс болуы ескерілген.

Сұрақтар «Дінтану» курсы бойынша жұмыс бағдарламасы негізінде құрылған және пән мазмұнына сәйкес келеді.

Сұрақтар бағдарлама бөлімдері бойынша жіктелген. Сынақ емтиханы теориялық дінтану және дін тарихы бойынша теориялық білімді тексеруді, еркінойлаудың негізгі формалары туралы мағлұмат алуды, дін сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын білуді өз алдына мақстан етіп қояды.

Осы бағдарламаның және сұрақтардың негізінде үш сұрағы бар емтихан билеттері құрылады.

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ СИПАТЫ (тақырыбы, өткізу түрлері, баға критерийі)

Емтихан тақырыбы

Негізгі тақырып дінтануның түйінді мәселелерін қамтиды: дінтану ғылым ретінде, дінді зерттеу тарихы, дін зерттеу пәні ретінде, дін мәдениет феномені ретінде, дін тарихы, дін антропологиясы, еркінойлау және ар-ұят еркіндігі, ҚР-дағы діни ұйымдар қызметінің құқықтық негіздері.

Емтихан өткізудің түрі

Қабылдау емтиханы емтихан билеттері бойынша ауызша сұрау түрінде өтеді, оған дінтану ғылымның түйінді сұрақтарының үшеуі кіреді

Баға критерийлері

«Өте жақсы» баға(10-8 балл) – барлық бағдарламалық материалдарды терең білу, қаралатын құбылыстар мен процестердің мәні мен өзара байланысын түсіну, аралас пәндердің негізгі сипаттарын терең білу, емтихан комиссисы мүшелерінің барлық емтихан билеттері мен қосымша сұрақтарына логикалық тұрғыдан толық және нақты, дұрыс жауап беру.

«Жақсы» баға(7-6 балл) – барлық бағдарламалық материалдарды әжептәуір толық білу, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын білу, қойылған сұрақтарға берген жауаптардың кейбір кемшіліктерін жоя отырып, тыянақты, нақты жауап беру.

«Қанағаттарлық» баға (5-4 балл) – бағдарламаның негізгі сұрақтарын терең білу және түсіну, қойылған сұрақтарға көп қателеспей, емтихан алушының қосымша сұрақтарына мүдірмей жауап беру.

«Өте жаман» баға(3-1 балл) – негізгі бір сұраққа дұрыс жауап бермеу, жауапта өріскел қате жіберу, талданып отырған мәселенің мәнін түсінбеу, қосымша сұрақтарға тыңғылықты және нақты жауап бермеу.

Бағдарлама мазмұны

Негізгі бөлім

1 Бөлім. Дінтану ғылым ретінде

Дінтану, оның пәні жәнeнегізгі мәселелері. Дінды анықтаудың қағидасы мен жолдары. Анықтаманың түрлері. Дінді түсіндірудің түрлері: философиялық (И. Кант, И.Г. Фихте, Ф.В.Й. Шеллинг, Г.В.Ф. Гегель, Л. Фейербах К. Маркс, Ф. Энгельс), теологиялық (Э. Трельч, Р. Отто, П. А. Флоренский, П. Л. Бергер), социологиялық (М. Вебер, Э. Дюркгейм Т. Парсонс, Р. К. Мертон), нәсілдік (А.Радклифф-Браун, Б. Малиновский), психологиялық (У.Джеймс, Л. Леви-Брюль, З. Фрейд, К. Г. Юнг, Э.Фромм), мифология - лингвистикалық тағы басқа тұжырымдамалары. Дін философиясы пәні. Дін әлеуметтануы пәні. Дін феноменологиясы пәні. Дін психологиясы пәні. Дін тарихы пәні. Діннің мәндік мінездемелері. Дінтану сатылары мен түсініктері. Дінтану әдістемесі. Қазіргі заманғы діни қауымдастықтарда эмперикалық зерттеулер жүргізудің әдіснамасы мен әдістері. Діннің әлеуметтік, гносеологиялық, психологиялық және тарихи түбірлері. Дін маңыздылығын анықтаудың ғылыми қағидалары. Дінтанудың объектісі мен пәні. Болмысты діни бейнеленудің ерекшеліктері. Діни жүйелердің мәнінің марксистік емес теориялары. Діни жүйе, негізгі элементтері мен функциялары.

Дін қоғамдық таным формасы ретіндегі ерекшелігі, олардың басқа қоғамдық таным формаларынан ерекшелігі. Нақтының діни көрініс ерекшелігі. Діннің қоғамдық күнделікті өмірден алшақтығы, оның салыстырмалы даралығы және консерватизм. Дін қоғам тынымындағы дүниетанымдық формасы ретінде. Дін мен мифологияның органикалық байланысы. А.Ф.Лосевтің мифке дінге еш қатынасы жоқ құбылыс ретіндегі біржақты көзқарасы. Барлық мифті діннен шығаратын Рановичтің қате көзқарасы. Діни танымның гносеологиялық анализбен алмастыру ретінде діннің семиотикалық тәсілге ролінің тым қатты бағалануы.

2 Бөлім. Дінді зерттеу тарихы

Орта ғасыр мен Жаңа дәуірдегі діннің тұжырымдамалары. Діннің шығу тарихы туралы Д.Юмның концепциясы. Неміс классикалық дін философиясы (И. Кант, Г.В.Ф. Гегель, Л. Фейербах). Канттың дін философиясының. Діннің моральға қатынасы канттық діни философияның негізгі мәселесі ретінде. Г.В.Ф. Гегельдің дін философиясы. Л. Фейербах. "Жаңа философия" "жаңа дін" ретінде. Марксизм діннің мәні туралы. Дін теориялары.

Діннің мәні мен оның пайда болуы туралы қазіргі заманғы теориялар мен тұжырымдар. Конфессионалды және бұ дүниелік дінтану. Батыс дінтануының діни-идеалистік негізі, діннің идеалистік философиялық қағидалары. Дін социологиясы /Э.Дюркгейм, М.Вебер және т.б. Дін социологиясындағы функционализм /Т.Парсонс және т.б. /. Дін психологиясы тұжырымдамалары /З.Фрейд, К.Юнг/. Діндегі феноменологиялық бағыттар. «Діни тәжірибе» тұжырымдамасы /У.Джемс/.

Діннің негізгі әлеуметтік теориялары. Діннің әлеуметтік функциялары. Діни сана, діни қызмет. Культ діни қызмет түрі ретінде және оның түрлері. Культтан тыс қызмет. Діни қатынастар. Діни ұйымдар: шіркеу, конфессия, деноминация, секта.

3 Бөлім. Дінтану оқу пәні ретінде

Дін: пайда болуы жәнe түсініктері. Діннің маңызды сипаттамалары. Діннің функциялары: дүниетанымдық, компенсаторлық, коммуникативтік, реттеушілік, біріктірушілік-ыдыратушы, мәдени-хабартартушылық, легитимділік-легитимділік емес. Дін пайда болу мәселесін шешудің негізгі тәсілдемелері. Діндер типологиясы.

Дін құрылымы және оның негізгі элементтері. Діни сана. Діни іс-әрекет. Діни қатынастар. Діни ұйымдар.

Діни сананың негізгі сипаттамалары. Діни дүниетанымның сезімдік-эмоционалдық жағы. Діни сенім. Діни іс-әрекеттің ерекшеліктері, мәндік белгілері және діни ұйымдардағы қатынастар.

Діннің құрылымы, оның негізгі элементтері. Дін діни сана, діни іс-әрекеттің, діни қатынастардың, діни институттар мен ұйымдардың толық бірлігі ретінде. Діннің нақты «қарым-қатынас құрылымдарымен» байланысы. Діннің негізгі элементтері: түсініктер /маңызды элементі/, культ, сезімдер. Діннің ұйымдық құрылымдары, діни жүйелердің моральді кодексі. Діни сана адам танымының нақтылы-сезімдік және абстрактілі кездерінің қарама-қайшылықты бірлігі ретінде. Діни танымның ішкі қайшылықтары /жете түсінетін және жете түсінбейтін/.

Дін мен ғылымда табиғат пен қоғамды ғылыми түсіндіру тәсілдемелерінің айырмашылықтары. ҒТР-дың секулярлық үдерістерге әсері. Жаратылыстану және техникалық ғылымдардың жетістіктерін діни-идеалистік және ғылыми-материалистік тұрғыда интерпретациялау. Креационизм, теизм, финализм бағытындағы дін мамандарының жаратылыстану ғылымдарының мәліметтерін негіздеу ерекшеліктері. Теология мен атеизмдегі әлеуметтік генезді түсіну айырмашылығы. Зайырлы және діни тұжырымдамалардағы әлеуметтік иллюзиялар және утопиялар. Қоғамдық білімнің жетістіктері тұрғысындағы провиденциализм, фатализм, эсхатология, футурология және апокалиптика. Қазіргі заманның жаһандық мәселелері бойынша атеисттер мен дінұстанушылардың диалогы.

4 Бөлім. Дін мәдениет феномені ретінде

Мәдениет жүйесіндегі дін. Дүниетаным және оның негізгі тарихи түрлері. Мифология, дін, философия. Дін және ғылым. Дін және көркемөнер. Адам, қоғам, әлем туралы діни және діни емес дүниетанымдардың диалогы.

Діни және діни емес дүниетанымдардың өнегелік маңызы. Діни және діни емес дүниетанымдардың эстетикалық мәселелері. Конфессиялық аралық диалог және діни төзімділік мәселелері. Діннің әлеуметтік мәртебесі мәселелері. Адамның іс-әрекетінің діни бастаулары. Діни рәсімнің әлеуметтік-мәдени мазмұны мен функциялары.

Секуляризация мен сакрализация. Діннің догмалар мен дәстүрлерді сакрализациялау үрдісі. Осы үрдістің себептері мен салдарлары. Секуляризация әлеуметтік-мәдени үдеріс ретінде. Секуляризацияның әлеуметтік топтарға әсері. «Секуляризация» термині мәнінің өзгеруі. Секуляризация үдерісінің әркелкілігі. Секуляризация діни анықтамалардағы сенімнен айрылудың нәтижесі ретінде.

«Қазіргі қоғамдағы дін дағдарыс мәселесі. Жаңа замандағы түбегейлі өзгерістер және діни доктриналарға сенуден қалу. Діни догмалардың ескіру себептері. Ницше (Құдай өлді) ілімінің ХІХ ғасырдағы рухани жағдайға ықпалы. Әлемнің саяси картасының өзгеруі. Әлемді негіздеудің жаңа түсіндірмелерінің (діни емес) пайда болуы. Дүниетанымның (ғылыми) дағарысы. «Жаһандық діни дағдарыс» туралы түсініктің шындыққа жатпауы.

Плюрализм жағдайындағы дін эволюциясы. Плюрализм жағдайы қоғамдық және индивидуалдық өмірді басқарудағы діннің монополиясына қарсылық ретінде. Плюрализм жағдайының ерекшеліктері: діни құрылымдардың көбеюі, әмбебап символикалық жүйелердің сипатының жойылуы. Қандай да бір қоғам үшін дәстүрлі формадағы діндердің ықпалы мен беделінің төмендеуі. Жаңа діни құрылымдардың таралуының өсуі.

Діндегі модернизм. Модернизм мен постмодернизм түсінігі. Протестанттық модернизм үрдістері (секуляризация, десакрализация). Әлеуметтік евангелизмдегі «Иисус Христостың бейнесін адамдандыру»: Иисус Христос «Жердегі Құдай патшалығын» әлеуметтік-мәдени қалыптастыру үдерістеріне қатысушы ретінде. Христиандық ойлау жүйесіндегі бес мәдени танулық тұжырымдамалар (Р. Нибур).

5 Бөлім. Дін тарихы

Діннің шығуы. Сенімдердің ежелгі формалары. Ежелгі Қосөзеннің діни жүйесі. Ежелгі Мысырдың діни жүйесі. Ұлттық діндер: индуизм, джайнизм, сикхизм, зороастризм (парсизм), ежелгі қытайлық Тянь діні, конфуцишілдік, даосизм, синто, иудаизм. Зороастризм және маздеизм. Мани және манихейлік. Ламаизм. Тәңіршілдік түркі мәдениетінің феномені ретінде.

Әлемдік діндер. Буддизм: пайда болуы, негізгі идеялары және бағыттары. Христиандық. Пайда болуы, христиандықтың негізін қалаушы. Інжіл. Христиан шіркеулерінің бөлінуі. Православие. Католицизм. Реформация және протестантизм. Протестантизм: лютерандық, кальвинизм, квакерлер, баптисттар, адвентисттер және т.б. Ислам. Пайда болуы. Мұхаммед және оның уағыздары. Құран және Сүннеттер. Догмалар және рәсімдер. Исламдағы негізгі бағыттар. Суфизм. Мұсылмандық құқық, мазхабтар.

Қазіргі конфессиялар мен деноминациялар. Олардың ерекшеліктері мен классификациясы. Діни философия. Діни философиядағы ағымдары мен бағыттарының көптүрлілігі. ҚР территориясында қызметіне шектеу қойылған жаңа діни-саяси қозғалыстар.

Дін және әлеуметтік қақтығыстар. Дін қоғам мен жеке тұлға мүдделері арасындағы қақтығысты шешу тәсілі ретінде. Діни фанатизм және экстремизм. Этника және тұлғааралық қатынастарда Плюралистік қоғамдағы дін: толеранттылық саяси, құқықтық және моральдік категория ретінде.

Жаңа діни қозғалыстардың өзіндік ерекшеліктері. Олардың типологиясы мен классификациясы мәселесі. Жаңа діни құрылымдардың теологиясы мен культтық тәжірибесіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер. Қазіргі кездегі діни жағдайдың даму динамикасы. Жаңа діни қозғалыстардың даму жолдары. Дәстүрлену үрдерісінің мазмұны мен келешегі.

Діни ұйымдар, культтық іс-әрекет және діни сана деңгейінде құрылымдық-функционалдық талдау барысында жаңа діни қозғалыстардың өзіндік ерекшеліктерін айқындау. Жаңа діни қозғалыстардың діни кешенін модификациялау үрдістері.

6 Бөлім. Дін антропологиясы

Діни дүниетанымдағы адам мәселесі, оның болмысы және өмірінің мәні. Діни дүниетанымның аксиологиялық, этикалық және эстетикалық негіздері. Діни түсініктердің рухани негізі. Әлем, Құдай, адам туралы діни түсініктердің жиынтығы. Өртүрлі діни бағыттардағы: ислам, христиандық, буддизм, даосизм, зороастризм, тәңіршілдік және т.б. адамның орны және оның әлемдегі міндеті. Діни қауымдарды әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің ұстанымдары. Дін философиясы, дін тарихы, дін әлеуметтануы, әлеуметтік және мәден антропология ауқымында дін антропологиясын зерттеудің мәселелері мен әдістері. Дж. Фрезер, Э. Тайлор, Э. Лэнг, Р. Маретт, Э. Дюркгейм, Б. Малиновский, Э. Эванс-Причард, М. Спиро, М. Элиаде, В. Тернер, К. Гирц, К. Леви-Стросс, М. Дугластың діннің тарихы мен әлеуметтануын зерттеулерінің антропологиялық мазмұны. Әлемдік діндер: буддизм, ислам және христиандықтағы антропологиялық түсініктердің өзіндік ерекшеліктері.

Дін және тұлға. Құндылықтық таңдау мәселесінің философиялық және психологиялық аспектілері. Құндылықты бағдарлаудың рационалдық және иррационалдық үдерістері, олардың дінде көрініс табуы. Тұлға түрлері мен діндарлық түрлеріне сәйкес келетін құндылықты бағдарлау түрлері. Діни тартудың психологиялық механизмдері.

7 Бөлім. Еркін ойлау және ар-ождан еркіндігі

Еркін ойлау. Ар-ождан еркіндігі туралы түсініктердің қалыптасуы мен дамуы. Ар-ождан еркіндігі ұғымы. Еркін ойлау рухани мәдениеттің құбылысы ретінде. Ежелгі дүниеде, Орта ғасыр, Қайта өрлеу, Жаңа және қазіргі замандағы еркін ойлаудың даму

тарихы. Еркінойлаудың формалары және көрініс табуы. Ар-ождан еркіндігі және діни төзімділік.

Богоборчество, скептицизм, антиклерикализм, индифферентизм діни түсініктерді сынау және діни ілімдер мен оның догмаларының ақиқаттығына күмән келтіру формалары ретінде. Мәдениет тарихындағы сенімге байланысты ақыл-ой еркіндігі қағидасы.

«Антикульттық қозғалыстар»және ар-ождан ерiктiгi.«Антикульттық қозғалыс» терминiнiң мазмұны. Жаңа діни қозғалыстар мәселесiнiң православтық және жалпы христианды түсiнiгi. Антикульттық iс-әрекеттердегi қауiптi үрдiстер. Дiни бiрлестiктердiң қызметiн реттеуге бағытталған нормативтiк құжаттар (Конституция, заңдар, заңнамалық актiлер).

Жаңа саяси және өнегелiк ойлау ауқымындағы дiн және еркiн ойлау. Диалогтық карама-қарсылық жағдайындағы жаңа саяси ойлау және дiнтану, еркiн ойлау мен атеизм мәселелерi. Қазiргi заманғы дiн ұстанушылардың дiни санасын талдаудағы таптық тәсiлдеменiң шектеулiгi. Ой, iс-әрекет және наным-сенiм плюрализмi жағдайындағы дiн мен атеизм. Деидеологизация мәселесi және дiн мен атеизмнiң дүниетанымдық оппозициясы.

8 Бөлім. ҚР-дағы діни ұйымдар қызметінің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасының Конституциясы ар-ождан және діни сенім еркіндігі туралы. Ос мәселелер бойынша ел Президентінің пікірлері. Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» (15 қаңтар 1992 ж.) және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»(11 қазан 2011ж.) Заңдары, оларды салыстырмалы талдау. Конфессияаралық келісім, діни толеранттылық, діни төзімділік және азаматтардың діни сенімдерін құрметтеудің маңыздылығын мойындау.

Конфессияаралық диалогтың негіздері.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Основы религиоведения: Учеб./Ю.Ф. Борунков, И.Н. Яблоков, К.И. Никонов и др.; Под ред. И.Н. Яблокова.-3-е изд.-М.:Высш. Шк., 2013.-480 с.
2. Томпсон М. Философия религии./ Пре. С англ. Ю. Бушуевой.-М.: 2011
3. История религии в 2-х томах. Учебник. – М.: Высш.школа. - 2016
4. Введение в общее религиоведение. Под ред. Яблокова И. Н..-М.: Издательство КДУ, 2015.- 472.
5. Васильев Л.С. История религий Востока. Учебное пособие. – М.: «Книжный дом, 2014. - 704 с.
6. Артемьев А.И. Религиоведение: основы общего религиоведения, история религий, религии в Казахстане. – В 2-х томах. - Алматы, 2011.
7. Яблоков И. Н. Философия религии. Актуальные проблемы. — М.: Изд-во РАГС, 2015. — 248 с.
8. Парсонс Б. Борьба против сект. Идеиные основы и их несостоятельность. -М., 2012
9. Религии Казахстана. Коллектив авторов кафедры религиоведения и культурологии КазНУ им. аль-Фараби. Алматы, 2010.- 421 б.
10. Эгильский Е. Э., Матецкая А. В., Самыгин С. И. Новые религиозные движения. Современные нетрадиционные религии и эзотерические учения.- М.: Кнорус, 2011. - 224 с.
11. Конфуций. Книга Перемен/ Конфуций; пер., коммент. проф. Ю.Щуцкой; предисл. Б.Виноградского. – Москва: Издательство «Э», 2017. – 512 с.
12. Религиоведение /Под ред. И.Н.Яблокова. М., 2014
13. История религии. В 2 т./Под ред. Яблокова И.Н. М., 2015

14. Яблоков И.Н. Социология религии: теоретические аспекты. М., 2014

Қосымша әдебиеттер:

1. Этно-религиозная идентификация населения : Методическое пособие / сост. Г. Т. Толебаев. - [б. м.], 2006
2. Хрестоматия по исламу. – М.: «Наука», 1994
3. Религии в Казахстане: Хрестоматия. В 2-х частях. / Сост. Артемьев А.И., Цейкова И.Б., Колчигин С.Ю. - Алматы, 2011.
4. Султангалиева А.К. Возрождение ислама в Казахстане.- Алматы: Фонд АлинбекаСарсенбайулы, 2012.- 170 с.
5. «Қазіргі дәстүрден тыс діни қоғалыстар және культтер»./ Коллектив авторов кафедры религиоведения и культурологии КазНУ им. аль-Фараби Учебное пособие. Алматы, 2012 180 б.
6. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар // ҚМДБ мешіттері имамдарына арналған практикалық құрал / құраст. Ыбраев Е.Е., Өтемісов Ж.Ж. – Астана: ҒЗТО, 2014. – 77 б.
7. Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ұйымдар мен ағымдар (ақпараттық анықтама). Құрастырған ә.ғ.к. Т.Ж. Жақиянов/Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы. Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығы.-Астана, 2013. 77 бет.

Анықтамалық әдебиеттер:

1. Религиоведение /энциклопедический словарь. – М.: Академический Проект, 2010.
2. Энциклопедия религий. – М.: Академический Проект, 2012.
3. Ислам. Краткий словарь. 3-е издание дополненное. - М.: Наука. 2011.
4. Ислам. Энциклопедический словарь. - М.: Наука.2011.
5. Вильковски Д. Арабо-исламские организаций в современном Казахстане.- Алматы: ИМЭП при фонде Первого Президента, 2014.-192 с.
6. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан. 31.01.2017.
7. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Егемен Қазақстан. 12.04.2017. №70 (29051)
8. Подопригора Р.А. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях». - Алматы, 2013
9. Самаведа/Пер. и коммент. С.А.Матвеева. –М.: Амрита, 2016. – 480с.

Нормативті әдебиеттер:

1. Беглов А.Л., Саплина Е.В., Токарева Е.С. и др. Основы духовно-нравственной культуры народов России. Основы мировых религиозных культур. М.: Просвещение,2012.
2. А. Нысанбаев. Становление исламской философии в Казахстане. Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2000.
3. Аюпов Н.Г. Религиозная система древних тюрков. – Алматы: 1998.- 137 с.
4. Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 1998.- 188 с.
5. Иванов В. И Трофимов Я. Религии в Казахстане. Справочник. – Алматы: ВШП «Адилет», 1999.
6. Лукач Й. Пути богов: К типологии религий, предшествовавших христианству. Пер. с венг. – М.: Политиздат, 2010. – 248 с.
7. Орынбеков М.С. Верования древнего Казахстана. Алматы, 1997. 214 с.
8. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс,2005.
9. Религия в политике и культуре современного Казахстана. Астана: Елорда, 2004.

10. Классики мирового религиоведения. Антология. Т.1 / Пер. с англ., нем., фр. Сост. и общ. Ред. А.Н. Красникова. – М.: Канон, 2010
Максуд Р. Ислам (серия «Грандиозный мир») – М., 2011.